

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ИСЛАМНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Серік Нұрмұратов

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениетінің өзегін халықтық дәстүрлер мен тұрмыстық салт-рәсімдер құрайды, өзіндік этникалық келбеттің інжу-маржандары фольклор арқылы берілгені де байқаймыз. Олардың бір бөлігі тарихи үрдісте ислам дініндегі кейбір конфессиялық қалыптармен, бағдарлармен тұтастай астасып кеткені белгілі. Сондықтан олардың аражігін ажыратудың өзі біршама қиындықты туындатады. Қазақтың көптеген этникалық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының этнографиялық жіктемесін, олардың исламдық құндылықтық әлеммен кірігуін Сейіт Кенжеахметұлы өзінің «Жеті қазына» деген еңбегінде шебер сұрыптап, көпшілік оқырманға жеткізе білген [1]. Бұл еңбектің ауқымымен жалпы қазақ халқының дәстүрлерінің, этникалық руханиятының ауқымы шектелмейтіні де белгілі. Тарихшыларымыз бен әдебиетшілеріміз қазақ халқының дәстүрлерін жіктемеден өткізуде және осы шығармашылық қадам этникалық кеңістікте жалғаса беретініне сенімдіміз. Өйткені, өзінің тарихи қордаланған рухани құндылықтарын құрметтеген, толық игерген халық қана басқалардың алдында қадірлі болары сөзсіз. Солардың қатарына ұлттың көрнекті тұлғаларын қадірлеу дәстүрін жатқызуға болады [2].

Қазақтың арғы түркілік кезеңінде әртүрлі діни-наным сенімдердің, дүниетанымдық көптүрліліктің орын алғанын жасырмауға тиістіміз. Сонау Шамандық, яғни бақсылық пен Тәңіріге сену кезеңінен басқа Зороастризм, Будда, Христиан діндері қазақтың кең даласында өзінің кейбір көріністерін танытып отырғанын айта кету керек [3]. Ал аруаққа сену, қасиетті жерлер мен аңдарды қадірлеу дәстүріміз өзінше біртөбе. Дегенмен, нағыз іргелі діни құбылыс ретінде қазақтың этникалық болмысында, тарихында орныққан, тұтастанған рухани құрылымға ислам дінінің ендеуін, бекуін толық жатқыза аламыз. Әрине, алдымен ежелгі Тәңірі дінінің халық санасы мен болмысында қандай сипатта көрініс тапқанынан басталып, бірте-бірте ұлттың діни санасында мұсылмандық құндылықтардың орнығуы мәселесін атауға болады. Жалпы ислам философиясының осы кезге дейін елімізде әлі де кеңінен іргелі мағынада зерттелмей келгенін ескерсек, Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы ауқымында «Ис-

лам философиясы» деген жеке томның жарық көруі бұл істе үлкен қадам болғаны анық [4], онда осындай сипаттағы еңбектерге қоғамда, жалпы гуманитарлық білім саласында өзіндік біршама сұраныстың бар екенін де ескердік. Әрине, діни сананың өзіндік ерекшеліктері мен сипаттары бар. Ал философиялық пайымдаулардың негізгі мақсаты адам мен жалпы рухани әлемнің өзіндік байланысын айғақтап беру, біртұтас дүниенің ішкі байланыстары мен түпкі астарларын айқындау.

Қазақтың мұсылмандық сопылығы ерекше рухани әлем, тұнып тұрған тылсым табиғаты бар философиялық жүйе екені айқындалды. Оның күрделі құрылымы батыстық стильдегі ғылыми сараптауларға көне бермейді. Ол ерекше философиялық, дүниетанымдық сипаттауды қажет етеді, сонымен қатар шын мәнінде Шығыстық даналық мағынасындағы, образданған, әлемді түйсіктік, кейде иррационалдық рухани игеру арқылы қамтыған, тереңдей байыптаған ерекше философиялық жүйе болып келеді. Сондықтан осы мәселелерді іргелі зерттеу ретінде тарқатып берудің өзі үлкен жауапкершілікті қажет ететіні белгілі. Қазақ жеріне келген мұсылмандық бағыт исламның сүнниттік ағымындағы ханафиттік мәзһаб болып табылады. Ол бағыттың өзіндік тарихы бар. Оның қазақ халқының тарихына да өзіндік қатысы тікелей болып тұрғанын байқаймыз. Сондықтан бұл тақырып өзіндік жеке зерттеуді қажет ететін мәселе екенін де ескерте кеткен жөн. Бұл мәселемен негізінен теолог мамандар айналысатыны анық.

Қазақстан Республикасы Мұсылмандар басқармасының Жоғарғы мүфтиі Әбсаттар қажы Дербісалының пайымдауынша: «Ханафитская школа выделяется демократичностью взглядов и облегченностью богослужения по сравнению с другими школами. Еще одной причиной принятия нашим полукочевым народом этой школы является близость ее канонов к духовным ценностям и мировоззрениям казахов» [5]. Сонымен қатар, ол Қазақстанда, қазақ жерінде көптеген ғасырлар бойы басқа негіздегі соғыстар мен қақтығыстар болса да діни негіздегі тартыстардың болмағанын алға тартады. Ал қазіргі замандағы рухани және әлеуметтік, тұлғалық және қауымдастар деңгейіндегі дағдарыстың келеңсіз көрінісі дінаралық, конфессияаралық түсінбестіктің, кикілжіңдердің тереңдеп бара жатқандығы, кейбір топтардың белсенділігі. Міне, сондықтан өкінішке орай, елімізде лаңкестік, яғни терроризм сияқты теріс сипаттағы құбылыстар көрініс беруде.

Терроризм құбылысының өзіндік ұшы мемлекеттік деңгейде жүргізілген саясаттың озбырлық, сыңаржақтық келбетінде деуге болады. «Лаңкестікті алдын алудың жолы мұсылманды шоқындырып, христианды кәлімаға тарту емес. Оның бір ғана жолы, ол адамды адам ету. Адамды дүниежүзілік, ағлақтық құндылықтарды қабыл ететін және жүзеге асы-

ратын кәміл мәртебеге жеткізу қажет. Адамдарды бөліп отырған діни, ұлттық, нәсілшіл, геосаяси сынды факторларды бір шетке мүлде ысырып қойып, адамзатты ортақ құндылықтарының төңірегінде біріктіру қажет. Қалғаны демогогия. Ұмытпайық, «тек өлгендер ғана пікір өзгертпейді екен», – деген ойды АҚШ-тық жазушы-зерттеуші Ахмет Куружан білдіреді [6, 43 б]. Әрине, гуманистік ортақ құндылықтардың түйісетінін іздеу, өзара сұхбаттасу мен түсінісуден адамзаттың жарқын болашағын іздеу бір қарағанда келелі қадам. Бірақ, ол тек адамдардың өздерінің пендешілік өзімшілдіктерін ауыздықтау негізінде, рухани жетілу жолында ғана мүмкін дүниелер болып табылады. Егер кез келген мәселенің жан-жақты факторларға байланысты пайда болу, өрбу, қоғамда тараудың қандай қисыны бар деген сауал қоятын болсақ, онда мәселені тек қара күшке салып шешуге тырысушылық қоғамда осындай теріс құбылыстардың орын алуына әкелетініне көзімізді жеткізеді.

Ал, енді бұл бағыттың дін тарихындағы өзіндік орнықтылығын еліміздегі және басқа жерлердегі конфессияаралық келісімдердің көрініс беруінен де байқауға болады. Ислам өзінің көп ғасырлық тарихында әлеуметтік дүниенің көптеген саласында еңдей алатын ерекше рухани құбылыс екенін танытты. Оның осындай қасиеттерін ислам философиясын зерттеуші кейбір мамандар төмендегідей кейіпте атап көрсетеді. «Ислам как господствующая религия является важным фактором социально-политической трансформации, поскольку он является не только религиозной доктриной, но и составной частью социально-экономических институтов, государственно-правовой системы исторических традиций и нравственных принципов, социального поведения и образа жизни» [7, с.7].

Ислам адамзат тарихындағы ерекше тарихи құбылыс. Бұл діннің өзіндік рухани ерекшелігі – ол қоғамның барлық саласын, жеке адамның өмірінің көп сәттерін қамти алатындығында. Адам дүниеге келген күнінен бастап мұсылмандық елдерде мұсылмандық шарттың, рәміздің, дәстүрдің, салттар мен тәртіптің ықпалында болады. Сондықтан мұсылмандық тәртіптердің қазақ жеріне келгеннен кейін оның ұлттық дәстүрлерімен астасып кетпеуі мүмкін емес еді. Соның арқасында Жер бетіндегі 1,5 млрд.-тан аса өкілі бар бұл діннің ішкі тұтастығы мықты, көбінесе оның шашауы шықпайды. Тіптен, мәдениеттердің, тілдердің, саяси құрылымдардың әр түрлілігіне қарамай мұсылман қауымдастығы рухани құндылықтары өте ұқсас келеді. Олар әр түрлі ағымдарға, бағыттарға жіктеліп кеткенмен ең негізгі рухани құндылық Аллаһ болса, онан кейінгі Мұхамбет пайғамбар және оның мұрағат түрінде ауызша баяндалып, қалдырып кеткен Құран кітабы мен хадистері қазіргі кезеңде өзінің таралу мекенін кеңейте түсуде. Мұсылмандық құқық – шарифат заңы арқылы реттеледі. Құран кәрімнің

«Сиыр» деп аталатын 2-ші сүресінің 257-ші аятында «Ля икрах фиддин» – делінген, яғни ол негізінен демократиялық сипатта «Дінге қатынаста зорлық жоқ» деп аударылады [8, 18 б]. Дегенмен, арасында лаңкестік жолды таңдаған діни бағыттардың пайда болуы бұл діннің де кейбір теріс пиғылды топтарға қолжаулық қызметін орындай бастағанын және топтық өзіншілдіктің құрбаны болғанын білдіреді.

Исламның тарихқа белгілі негізгі бес шарты бар: діни сенім рәмізі (шахада), бес рет намаз, ораза, зекет беру және қажылық. Сонымен қатар шын мұсылман Құранды жатқа білуі шарт. Шындығында осыншама үлкен кітапты жатқа айтып бере алатын діншілдер көптеп саналады (кезіндегі батырлар, лирикалық жырларды екі-үш күн жырлайтын түркі тайпасының жыршылары сияқты). Бұл да адам қабілетінің бір көрінісі. Құранды – мұсылман үшін өмір сүрудің, дүниетанымның заңы десек, ал хадистерді сол рухани құндылықтарға берілген түсіндірме деуге болады. Құранда Інжілде келтірілген Адам, Авраам, Яков, Давид, Мойсеи, Иисус, Иоанн крестеуші деген тұлғалар біршама өзгерген атаумен аталады. Бірақ пайғамбарлардың соңғысы Мұхамбет екенін де ескертіледі. Сөйтіп, мұсылман үшін ислам діндерінің ішіндегі ең жетілгені, кемелденгені түрінде танылады және оған сенген адам Құдайлық Аянның нұрына бөленеді, жаны мәңгі жұмақта болады деп тұжырымдалады. Жалпы Құран 114 сүреден, 6236 аяттан тұрады.

Құранның қойған шектеулерінің ішінде арақ ішпеу, зинақорлық жасамау, әйелге зорлық көрсетпеу сияқты түбегейлі мағынадағы гуманистік қалыптар мен бағдарлар бар. Ал іргелі мұсылмандықты жақтаушылар руханилықты бұзушылардың қатарын көбінесе батыстың бұқаралық мәдениетінен іздейді. Ол көбінесе адамды Ақиқаттан алшақтатып, үнемі елтуге, пендешілікке шақыратынын алға тартады. Ислам құрылымдық жағынан үлкен үш топқа бөлінеді: олар суннизм, шиизм, хариджизм деп аталады. Мұсылмандардың көбісі сунниттер (90%), шииттер 10%-ке жақын, хариджиттер секта сияқты аз бөлікті құрайды. Суннизмнің өзі іштей ханафиттер (Орталық Азия мұсылмандары кіреді), маликиттер, шафииттер, ханбалиттер деген ағымдарға бөлінеді. Қазіргі кезеңде көп айтылып жүрген ваххабизм (Сауд Арабиясында) осы ханбалиттерден шыққан бір діни сала болып табылады. Бұл үлкен үш топқа бөлінудің астарында билікке деген талас, діннің идеологиялануы, саясаттануы жатыр. Бірақ, бұл процестер жалпы діннің негізін шайқалтпайты анық құбылыс. Шиизмнің өзі үш бағыттан тұрады: исмаилиттер, алауиттер, друздар.

Мұсылмандықтың практикалық көрінісінде мистикалық (тылсымдық) ағымдар да кездеседі. Мәселен, сопылық, оның ішіндегі Орталық Азияда кезінде өріс алған Накшбандия, Сенегалдағы мүридтер, американдық

қара мұсылмандар. Мұсылмандықтың осы бағыттарында «Алланы еске алу» мақсатында зікір салу практикасы өрбіген. Мұсылмандық дәстүрлерді сақтаудағы бұл әрекеттер нақты нәтижелерін беріп, тіптен Кеңес Одағы кезінде жартылай ашық формада өмір сүріп келді. Қазіргі кезеңде Ауғанстан, Тәжікстан сияқты елдерде діни көзқарас пен саяси бағдарлар өте тығыз астасып кеткен екені белгілі. Тіптен, кейбір қарулы топтар Қырғызстан, Өзбекстан жерлерінде өкіметтің тәртібіне қарсы шығу әрекеттерін ұйымдастыру екімыңыншы жылдардың басында біршама көріністер берді. Бұл біздің қазақстандық қоғам үшін де ұлттық және рухани қауіпсіздік мәселелерін көтеруге және оны қамтамасыз етуге назар аудартып отыр. Әрине, ар-ұждан бостандығы адами еркіндіктің іргелі негіздерінің бірі болып табылады. Сондықтан бұл нәзік әлемдегі орнықтылық пен байыптылық діни дүниетанымның көріністерінің латенттік (жасырын) формаға өтіп кетпеуіне мүмкіндіктер ашады, демократиялық сипаттағы рухани қатынастар ғана адами рауажданудың негізін қалыптастыра алады.

Жалпы мұсылмандық құндылықтар жүйесі, діни түсініктері мен қалыптары барынша рационалданған құрылым болғанмен шын мәнінде қазақтың ежелгі дүниені пайымдау, өрнектеу шамаларымен астарласып кеткенін байқаймыз. Этикалық ұстанымдарға бейім түркілік менталитет исламның діни этикалық ұстанымдарын етене қабылдай алған деген тұжырым жасауға болады. Сондықтан әл-Фарабиден бастап Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иүгінеки, Қожа Ахмет Иассауи, Бақырғани және т.б. түркілік әлемнің ғұламаларының шығармашылығында исламның «қанағат», «сабыр», «сыйластық», «нәпсі» және т.б. сол сияқты ұғымдары кеңінен қолданылады. Тіпті, бұл дәстүр кейінгі қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулары заманында да өзінің маңыздылығын жойған емес.

Әрине, діннің атын жамылып, басқа діннің өкілдеріне өшпенділік танытып, сананың қатпарларына әр түрлі теріс таптаурындарды қалыптастырушылар ешқашанда шынайы Ақиқат жолын іздеушілер қатарына жатпайды. Олар, өкінішке орай, барлық ғасырларда болған, әлі де әлемдік тарихи процесте антигумандік іс-қимылымен танылу үстінде. Бұл мәселелер жөнінде А.Г.Косиченко төмендегі өз пікірін төмендегідей білдіреді: «Мұсылмандық – рухани мәдениетте өзінің тереңдігімен таң қалдыратын білімдерге қол жеткізді. Ислам сияқты күрделі қызметі бар дін үшін Аллаһ алдындағы мойынсұнушылыққа келу, мойынсұнушылықты білімнің жоғарғы формасы деп санап, адамның ең жоғарғы мақсаты деу ұлы іс деп есептеймін» [9]. Автор соңғы кезеңдерде басымдық таныта бастаған көптеген діни құндылықтардың әлеуметтік және саяси құндылықтарға орын бере бастағанына, олардың арасында өзара астарласу процестері жүріп

жатқандығына қынжылады және бұл секуляризация үрдістерін жеделдетіп, исламның барынша әлеуметтік-саяси белсенділігін теріс бағытқа бастауы мүмкіндігіне мегзейді. Қазіргі кезеңде көрініс бере бастаған лаңкестіктің өзі осы үрдістермен де байланысып жатуы да мүмкін.

Дегенменде, мұсылмандық тараған жерде басқа конфессияның өкілдері өздерін еркін сезініп, толыққанды әлеуметтен алмайды (пұтқа табынушыларға қарағанда исламда иудаизм мен христиан діндерінен пайғамбарлары ортақ, кітаптағы ұқсастықтарға байланысты кейбір кеңшіліктер жасалынады). Мәселен, мұсылман әлемінің қасиетті орталығы Меккедегі Қағбаға басқа конфессия өкілінің аяқ басуға құқы жоқ. Бұл діни – конфессияның өзіндік оқшаулануының, өз мекені мен догматтарын, дәстүрі мен құндылықтарын қорғауының белгісі. Нағыз діншілдік жекелеген тұлғалардың еншісіндегі нәрсе деуге болады, соған қол жеткізген азаматтар кейбір қоғамдарда барынша қудаланды, яғни орташа, жалған діншілдік деңгейіндегі көпшілік әр уақытта саяси өзімшілдіктің құрбаны болып келгені белгілі. Сондықтан, христиан дінін ғасырлар бойы ұстанған Еуропаның дамыған елдері ХХ ғасырда екі дүниежізілік соғысты бастаған болатын. Бұл дегеніңіз діни құндылықтардың кейін ысырылып, оның орнына барынша ауытқыған түрдегі саяси сананың басымдылық еткенінің көрінісі. Ал қазіргі кезеңдегі мұсылмандық шахидтердің белсенділігі сол дәстүрдің топтық деңгейдегі сабақтасуы болып табылады.

Шын мәнінде бұның бәрі адам бойындағы сабырсыздықтың, адами жетілмеушіліктің, әрбір жанға арналған рухани даму негіздерін дүниетанымға орнықтырмаудың белгісі, пенделік бақытсыздықтың көрінісі. Ал, енді қасиетті Құранның Зумар сүресінде «Сабыр еткендерге Аллаһтың қайтарар сыйы қисапсыз» деген сөз айтылады [8, 405 б.]. Осы сабырлылық ұғымы, дүниетанымдық түсінігі қазақ менталитетінде керемет руханилыққа толы принцип ретінде, өмірлік бағдардың іргетасы ретінде тереңдеп енгенін, үнемі жоғары бағаланып келгенін білеміз. Көптеген ойшылдарымыз бұл құбылысқа өз шығармашылығында қайта-қайта оралып, қоғамды жетілдіре түсудегі әрекеттерінде маңыздылығы мол гуманистік идея етуге тырысқандығы байқалады.

Қазақ халқының тарихын, ойлау дәстүрін зерттеуге біршама еңбек сіңірген С. Ақатай өзінің «Күн мен көлеңке» атты еңбегінде осы құбылысты былай тұжырымдаған болатын: «Көшпелілердің рухани өмірі мен дүниетанымы кездейсоқ ұғымдардың тізгін бермес жүйесіз сапырылысқан жиынтығы емес, керісінше, ғылым тілінде орныққан біртұтас қондырғылық идеялық процесс ретіндегі мәдени құбылыс» [10, 28 б.]. Шыныменде осындай тарихи санада ішкі жүйелілігі бар ұғымдар бірлігі болмаса халықтың мәдени, этникалық келбеті қалыптаспаған бо-

лар еді. Ал бұл құбылыс бірден бола қоймайтын, бірнеше ғасырдың үлесіндегі күрделі процесс екені белгілі.

Рухани жетілудің жаршысы қызметін атқаруға тиісті діни қайраткерлердің сөздері мен істері қоғамдық сана үшін үлкен мағыналық орын атқарып отырды. Діндегі тазалық негізінен әрбір конфессияның дін басыларының іс-қимылынан, өмір салтынан басталады. Олардың іс-қимылы моральдік үлгі болуға жарамаған жағдайда халық «балық басынан шіриді» деп мінез-құлықтық ауытқуларға барынша сын көзбен қарап отырғаны белгілі. Осындай рухани дүниедегі екіжүзділіктің көріністері, пендешіліктің жетегінде кетушілік жетекші рөл атқарған діни бағытқа қарсы болатын діни ағымдардың көптеп пайда болуына себепкер болды. Олардың қатарына Қожа Ахмет Иассауиді, Бекет атаны, Абайды, Шәкәрімді, Ғұмар Қарашты, Мәшһүр – Жүсіп Көпеевті жатқызуға толық хақымыз бар. Өйткені, олардың философиялық дүниетанымында адамға деген ыстық ықылас, гуманизм идеясы қызыл жіптей болып өтеді. Бұл сипаттауды жоғарыда келтірілген қазақ даласы ойшылдарының дүниетанымына байланысты айтуымызға да болады. Сондықтан тарихымызда рухани сабақтастықтың болғанын және елімізде оның әрі қарай өрби беретініне барынша сенім білдіруге болады.

Одан әрі қарай Абайдың адамсүйгіш көзқарастарына тағы да назар аударсақ, онда ол ғылымның адам өміріндегі орны туралы өз тұжырымдарын төмендегі жолдар арқылы келтіреді : «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр . Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат – хұрмет таппақ секілді нәрселердің махаббаты мен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды» [11, 104 б]. Абай үшін Ақиқаттың сырын ұғуға тырысу – нағыз әлемге деген риясыздықтан, шынайылықтан басталады және одан туындайтын іс-әрекет жасампаздық қасиетке ие болады. Міне, осы ерекшеліктеріміздің арқасында адамдар әлемінде руханилықтың, ізгіліктің негізі қаланады, махаббат деген ерекше қасиет адам өмірінің мәніне айналады. Бұл ақиқаттың астарына күмәндана қарау әркімнің өз еркінде болары анық. Дегенмен ақиқаттың болашағы қара түнекпен, теріс құбылыстармен салыстырғанда түбінде айқын, жарқын бола түсері белгілі.

Шәкәрімнің діни-философиялық тұжырымдары негізгі философиялық еңбегі «Үш анықта» келтірілгені ғылыми көпшілікке белгілі. Діни философияның шешетін негізгі мәселелерінің қатарына жан мен рухтың өзара байланысы, рухани дамудың тылсым күшін байыптауға тырысу жататыны белгілі. Шәкәрімнің бұл сұрақтарды зерделеуде Абайдың көзқарастарын біршама деңгейге дамытқанын, тереңдеткенін мынандай сөздерінен байқауға болады: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл

көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейірім» [12, 4 б.] дей келіп, руханилықтың субстанциялық орталығын, барлығын біріктіруші шынайы өзегін таба біледі. Міне, бұл түркілік мәдениеттің озық үлгілерінің қазақ топырағындағы шынайы ұлттық дәстүріндегі рухани сабақтастығының болғанын білдіретін деректер болып табылады.

Міне, осы қасиеттердің бәрі бір адамның басында ғана емес жалпы халықтың рухани әлемінде жинақталған кезде, біз нағыз Тарихи Тұлғаны жасайтын қоғамның қалыптаса бастағанын көз алдымызға елестетеміз. Сөйтіп, сабырлы да қарапайым жан өзінің имандылығымен, руханилығымен танылса, онда қоршаған әлеуметтік ортаның әмбебап тұлғасына айналады, сонау Қорқыт атадан басталған, әл-Фарабимен жалғасқан, кейінгі тарихи белестерде Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмед Йүгінеки, Қожа Ахмет Йассауи, Асан Қайғы, Абай, Шәкәрім, Мәжһүр Жүсіп Көпеевтер сияқты далалық даналары арқылы халық өзінің рухани мұрасын үнемі түгендеп отырғанын, ұлттық дәстүр мен діни-гуманистік мәдениетті терең астастырғанын байқаймыз.

Әдебиеттер

1. *С. Кенжеахметұлы*. Жеті қазына. Бірінші кітап. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 366.
2. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары: Оқу құралы (М. Жолдасбекұлы, Қ. Салғараұлы, А. Сейдімбек). – Астана: Күлтегін, 2001. – 357б.
3. *М.С. Орынбеков*. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1998.-234б.
4. Ислам философиясы Жиырма томдық. 4-том / Құрастырушылар Ө. Нысанбаев, Д. Кенжетай. – Астана: Аударма, 2005. – 534 б.
5. *Каипов А.* Казахстан благославленный. Интервью с Верховным муфтием РК Абсаттаром хаджи Дербисали // Наш Мир. 2008. № 13. – 27 марта.
6. *А. Қуружан*. Лаңкестікке қарсы күрес саяси утопия ма, әлде діни соғыс па? // ДА Қазақстан. – 2008. – № 12. – 43 б.
7. *Кирабаев Н.С.* Социальная философия мусульманского Востока (эпоха средневековья). – М.: Изд-во УДН, 1987. – 352с.
8. Құран кәрім. – Алматы: Атамұра, 1992. – 612 б.
9. *Косиченко А.Г.* Между верой и разумом: секуляризация мусульманской культуры // Наследие аль-Фараби и мировая культура: материалы международного конгресса. Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2001, – 475 с. – С. 159.
10. *С. Ақатай*. Күн мен көлеңке. – Алматы: Өнер, 1990. – 56б.
11. *А. Құнанбаев*. Қара сөздер. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 154 б. – 38 сөз.
12. *Ш. Құдайбердіұлы*. Үш анық. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 80 б.